

**“ТІЛ БІЛІМІ МЕКТЕБІ”
ЖОБАСЫ АЯСЫНДА
ПОТЕНТТЕЛГЕН
ЗЕРТХАНАЛАР**

«ГРАММАТИКАЛЫҚ ӨНЕР» ҒЫЛЫМИ- ЗЕРТТЕУ ЗЕРТХАНАСЫ



«ГРАММАТИКАЛЫҚ ӨНЕР» ЗЕРТХАНАСЫ

Грамматикалық өнер ғылыми-зерттеу зертханасында оқушыларға академиялық білім беріліп, коммуникативтік дағды қалыптасады. Қазақ тіл білімінің метатілін меңгеру арқылы өз білімдерін қалалық, облыстық, республикалық тағы басқа пәндік олимпиадаларда, ғылыми жоба жұмысын жазуда сынайтын болады.

МАҚСАТЫ:

Оқушылардың шығармашылығын дамыту, балалардың бойына рухани қазынаны сіңіру және елжандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу, баланың сөйлеу мәнерін жақсарту, көпшілік алдында өзін ұстай білу, жан-жақты дамуына ықпал жасау.

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ:

Талантты балалардың басын біріктіретін үйірменің балаларға берері көп. Жобаның мүшелері де сахнада өздерін еркін ұсатуға, кейіпкер бейнесін ашуға, шығарманың мазмұнын толық түсініп, сахналап шығауға машықтанады. Болашақта мықты өнер адамы болып қалыптасуларына үлкен жұмыс жасалады.



«Грамматикалық өнер» зертханасында жүргізілген шаралар

- ♦ А. Байтұрсыновтың "Маса" жинағы бойынша бейнетүсірілім.
- ♦ «Бала Абай». «Абай жолы» роман-эпопеясы бойынша шағын жинақты қойылым.
- ♦ «Ұлтын сүйген ұлы жүрек» Ахмет өмірінен әдеби монтажды қойылым.
- ♦ «Жаным, неге шығарып сала алмадың?» Қызылорда қалалық жастар театрымен бірлескен жұмыс.
- ♦ «Дос» жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға негізделген сахналық қойылымы.

«ГРАММАТИКАЛЫҚ ӨНЕР» ЗЕРТХАНАСЫ ЖҰМЫСЫНА ҚАМТЫЛҒАН ОҚУШЫ САНЫ – 120



ҰЛТ ҰСТАЗЫНА ТАҒЫМ: ТАҒЫЛЫМ МЕН ТАРИХ ТОҒЫСҚАН СӘТ

Театр – жан тәрбиесі. Ол баланы ойлауға, сезінуге, тіл мәдениетіне, жауапкершілікке баулиды. Сахнаға шыққан әр бала - жүрегімен ойнайтын батыр. Себебі сахна эмоцияны да, ерлікті де талап етеді.

"Тіл білімі мектебі" жобасын жүзеге асыру бойынша оқушылар белгілі ғалым, филология ғылымдарының кандидаты Бижомарт Қапалбектің "Адамдық диқаншысы" пьесасы негізінде көркем қойылым ұсынып, Ахмет Байтұрсынұлының асыл болмысын, азаматтық ұстанымын сахна тілімен жаңғыртты.

Бұл қойылым - тек дайындалған көрініс емес, оқушылардың еңбегі мен ынтымағының, үлкен мақсатқа деген сенімінің нәтижесі.

Қойылым барысында Ахмет Байтұрсынұлы рөлін сомдаған 11-сынып оқушысы Түгелбай Данияр көрерменді тұлғаның ішкі әлеміне жетелеп, оның парасатын шынайы жеткізді. Міржақып Дулатұлы бейнесін жасаған Кеңесбай Болат әр көріністе кейіпкер табиғатын дәл тапты. Ал татар оқымыстысы рөлінде Зейнулла Мадияр өз ойын сенімді жеткізіп, көрермен ықыласына бөленді. Шаһзаман рөліндегі Серік Нұрбаһадүр көріністердің терең мазмұнын аша түсті. Ахметтің жас шәкірттері бейнесінде ойнаған 4-сынып оқушылары Бексұлтан, Мансұр және Дәулет сахнаға ерекше жылылық пен шынайылық сыйлады.

Қарапайым декорация, жүрекпен сомдалған ойын, әсерлі мәтін - барлығы бірігіп, әр көріністі ұлт тағдырын сезіндірген үлкен оқиғаға айналдырды.

Бұл қойылым көрерменді бей-жай қалдырмай, тарихқа құрметті, тұлғаларға тағзымды тереңдетті.

Оқушылар үшін бұл жұмыс - тек сахналық тәжірибе емес, тілдік мәдениетті меңгерудің, өз ойын еркін айту мен ұжыммен жұмыс жасаудың үлкен мектебі болды. Жас актерлерге шығармашылық әлемінің қақпасын ашып, шабыт сыйлаған "Грамматикалық өнер зертханасының" жетекшісі Сәуле Жақыпбекқызына зор алғыс.

"Тіл білімі мектебі" жобасы арқылы жүзеге асқан бұл қойылым - балаларымыздың рухани өсіміне бағытталған нық әрі маңызды қадам.



"Маса" түсіріліміне (видеоролик) анықтама "Масаның» негізгі идеялық қазығы — жұртшылықты оқуға, өнер-білімге, рухани көтерілуге шақыру, адамгершілікті, мәдениетті уағыздау, еңбек етуге үндеу. Ақын өлеңдері жалпы, сол кездегі ағартушылық бағытпен үндес. Сондықтан бұл видеороликтің бала тәрбиесінде алар орны орасан зор

"Бала Абай" қойылымына анықтама Абай жас шағынан-ақ сөз тындап, сөзге үйір боп өсе бастайды. Осындай қожа, молдалар, билер, ақындар кетпеген ортада тәрбие алады. Абайды ақындыққа ыңғайланған жағдайдың бірі осы сияқты. Он жастан он екі жасқа дейін ауылда мұсылманша оқып, сауатын ашып қана қоймай білімін кеңіте береді. Он үш жасқа шығарда Семейде молда Ризәнің медресесінде оқиды. Медреседе оқып жүріп Приходская школада орысша оқып, 14 жасында сабақтан шығады. 15 жасында балалықты былай қойып, үлкендер катарында жұмыс атқаруға кіріседі. Өз тұсында ақылды, саналы, зерделі, шешен, көсем жігіт болып ел билігіне араласады. Оқушылар осы қойылым арқылы Бала Абайдың өмірінен Дана Абайды зерттеуге құлшына кірісті.

"Ұлтын сүйген ұлы жүрек" Ахмет атамыздың өмірінен қойылым. Әдеби монтаж.



Бастауыш білім алғаннан кейін қатты науқастанған, бірақ төсек тартып жатқанымен, мүгедек халіне ерлікпен, төзімділікпен төтеп берген қайсар жас, өздігінен білім алған, сөйтіп, бар өмірін жазушылыққа арнап, өмірінің соңына дейін жазушылық қаламын қолынан түсірмей, жарты әлемге танымал болған ЗЕЙНОЛЛА ШҮКІРОВ жайлы. Сезім мен тәрбиеге толы қойылым "Жастар театры" мен А.Байтұрсынов атындағы орта мектептің бірлесіп жұмыс жасап жатқанының тағы бір көрінісі болды. Екі жақты келісім мен үйлесімділік әрі қарай да жалғасын таппақ.



«Жаным, неге шығарып сала алмадың?»

Қызылорда қалалық жастар театрымен бірлескен жұмыс.



"Дос" сахналық қойылымы. Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылыққа байланысты



Мектепте театр жобасы аясында оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Жоба барысында түрлі қойылымдар дайындалып, әдеби шығармалар сахналануда. Оқушылар актерлік шеберлік, сөйлеу мәдениеті және сахнада өзін ұстау дағдыларын жетілдіруде. Театр үйірмесінің жұмысы оқу-тәрбие үдерісіне оң ықпал етіп, балалардың өнерге деген қызығушылығын арттыруда. Сахналанған қойылымдар тізіміне тоқтала кетсек:


- 1) Негізі, негізі - наурыздың сегізі
- 2) Жалғызға сынақ
- 3) Сезімді қайтейін
- 4) Сыңғырла, алғашқы қоңырау
- 5) Жүрек дәптерім
- 6) Еңбек адамы
- 7) Тақиясыз періште
- 8) Адамдық диқаншысы
- 9) Пай, пай, өмір, өтесің-ау бір күні
- 10) Бала- Абай



Театр – адам жанының айнасы



«АХМЕТТАНУ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ» ЗЕРТХАНАСЫ



«АХМЕТТАНУ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ» ЗЕРТХАНАСЫ

Ахметтану ғылыми-зерттеу зертханасы барлық гуманитарлық жаратылыстану пәндері бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары ұйымдастырылатын орталық.

Жоба мазмұнын арттыру үшін Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті ғалымдарымен шығармашылық байланыс орнатылып, екі жақты меморандумға қол қойылды. Меморандум аясында университет ғалымдарымен бірге оқушылардың, мұғалімдердің ғылыми жоба, авторлық бағдарлама тақырыптарын бірлесе талдау, тақырыптарды анықтау, жетекші тағайындау, әдістемелік құралдар әзірлеу жұмыстары жүргізілуде.

Нәтижесінде, биылғы оқу жылында оқушылардың ғылыми жоба байқауындағы жетістіктерінің саны артты.

♦ 9-11-сыныптар арасында өтетін «Дарын» Республикалық ғылыми жобалар байқауына 7 оқушы қатысып, 3 оқушы облыстық кезең жеңімпазы атанды.

♦ 2-7-сыныптар аралығында өтетін «Зерде» республикалық ғылыми жоба байқауына 12 оқушы қатысып, қалалық кезеңнен 6, облыстық кезеңнен 2 оқушы жүлделі орын алып, 1 оқушы Республикалық кезеңнен 2-орын иемденді.

♦ Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық пәндік олимпиаданың қалалық кезеңінен 9-11-сыныптар арасында 16 оқушы, 5-8-сыныптар аралығында 19 оқушы, барлығы 35 оқушы жүлделі орындар иеленді.

Мектеп мұғалімдері А.Байтұрсынұлының өмірбаяндық деректері, қоғамдық-саяси және ғылыми қызметінің кезеңдері, ол туралы замандастарының, орыс түркологтарының жазбалары, кейінгі заман ғалымдарының зерттеулері мен пікірлері, ұлт ұстазының грамматикалық, терминологиялық, әлеуметтік лингвистикалық, когнитивті лингвистикалық, лингвамәдениеттанушылық, әдістемелік мұрасы, олардың жаңашылдығы мен өміршеңдігі т.б. зерттеп-зерделейді. Осы бағытта авторлық жоба, мақала, ғылыми жұмыстар жазатын болады.

Мектеп оқушылары тұлғатану ұғымынан, ұлт ұстазының барлық кезеңдеріндегі әдеби, қоғамдық-саяси және ғылыми қызметінен, лингвистиканың түрлі салалары бойынша жазған еңбектерінен, тұжырымдарынан, ол туралы замандастарының, кейінгі заман зерттеушілерінің берген бағасы мен айтқан пікірлерінен хабардар болады. Нәтижесінде А.Байтұрсынұлының өмірбаяндық деректерімен жете танысады, қазақ ғылымын, оның ішінде тіл білімі мен әдебиеттанудағы теориялық көзқарастары мен пікірлерін сараптай отырып, олардың жаңашылдығына, өміршеңдігіне сенімді болады, А.Байтұрсынұлының қазақ әліпбиін жасаудағы, қазақ тілінің дыбыстық жүйесін анықтаудағы, қазақ тілінің грамматикалық құрылысын талдаудағы, қазақ тілін оқытудың әдістемесін жасаудағы ұлан-ғайыр мұрасынан білім алады, ұлттық үлгіде термин жасау ұстанымдарының өзіндік ерекшеліктерін ұғынады, салыстыра алады, А.Байтұрсынұлының әлемдік тіл біліміндегі орнынан, тіл зерттеудегі жаңалықтарынан мәлімет ала отырып, ол негізін салған ұлттық лингвистиканың бүгінгі жетістіктері мен алдағы міндеттерінен хабардар болады.

